

«С.Ж.Асфендияров атындағы
Қазақ ұлттық медицина
университеті» коммерциялық
емес акционерлік
қоғамы»



«Некоммерческое
акционерное общество
Казахский национальный
медицинский университет
имени С.Д.Асфендиярова»

050012, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 94 үй
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

050012, город Алматы, улица Толе би, д.94
телефон: +7/727/292-78-85, 292-79-37, 338-70-30
факс: +7/727/292-13-88, e-mail: info@kaznmu.kz

БҰЙРЫҚ
13.12.2021

Алматы қаласы

ПРИКАЗ
№ 645

город Алматы

Стандартты операциялық рәсімдерді бекіту туралы

Ректордың 01.09.2021 жылғы № 461 бұйрығымен бекітілген 2021-2022 оқу жылына арналған Академиялық саясатқа сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Стандартты операциялық рәсімдер бекітілсін:

Ақылы оқу нысанынан мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысу


- Пәндерге тіркелу;
- Білім алушылардың жеке құрамы бойынша бұйрық шығару;
- ЖОО түлектеріне диплом мен қосымшаны үш тілде ресімдеу, басып шығару және беру;
- Білім алушылардың стипендиясын тағайындау және төлеу Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;
- Университетте оқу кезеңі ішінде білім алушылардың жеке істерін есепке алу, жүргізу және ағымдағы сақтау;
- Транскрипт

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды Тіркеу кеңсе басқармасының басшысы Г. С. Набиеваға қалдырамын.



<https://short.salemoffice.kz/lhHnjn>

Электрондық құжатты тексеру үшін: <https://salemoffice.kz/verify> мекен-жайына өтіп, қажетті жолдарды толтырыңыз. Электрондық құжаттың көшірмесін тексеру үшін қысқа сілтемеге өтіңіз немесе QR код арқылы оқыңыз. Бұл құжат, «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтарда шыққан Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес, қағаз құжатпен тең дәрежелі болып табылады. / Для проверки электронного документа перейдите по адресу: <https://salemoffice.kz/verify> и заполните необходимые поля. Для проверки копии электронного документа перейдите по короткой ссылке или считайте QR код. Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Офис регистратор басқармасы	Стандартты операциялық рәсімдер	Редакция: 1 5 беттің 1 беті



БЕКІТІЛДІ

Академиялық қызмет жөніндегі
проректордың бұйрығымен

« 13 » 12 2021 ж.

К.Ж. Байльдинова

СОР атауы: Стипендияны, өтемақыларды және басқа да төлемдерді тағайындау және төлеу


КОД: СОР 3/06

Нормативтік сілтемелер:


1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 7 ақпандағы №116 қаулысы «мемлекеттік стипендияларды тағайындау, төлеу қағидаларын және олардың мөлшерлерін бекіту туралы білім беру ұйымдарында оқитындарға»
2. С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ 2021-2022 оқу жылына арналған академиялық саясат. (ректордың 01.09.2021 ж. №461 бұйрығы).

Терминдер, анықтамалар:

1. Қызмет көрсету мерзімі-3 күн.
2. Тіркеу кеңсесі сессия аяқталғаннан кейін мектеп декандарына /факультеттерге жиынтық есеп береді
3. Мектеп декандары/факультеттер мемлекеттік стипендияларды тағайындауға ұсыныс дайындайды
4. Мемлекеттік стипендия мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқуға ауыстырылған, аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша "өте жақсы", "жақсы" бағаларына сәйкес келетін бағалардың баламасын алған студенттерге, интерндерге, магистранттарға тағайындалады. Мемлекеттік стипендия ай сайын аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясынан) және демалыстан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, академиялық кезең, аралық аттестаттау және демалыс аяқталатын айдың соңына дейін қоса төленеді. Бітіруші курстардың білім алушыларына мемлекеттік стипендия білім беру ұйымдарын бітіруіне байланысты оқудан шығарылған күнге дейін төленеді.
5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 13 қарашадағы № 746 қаулысымен бекітілген нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының бірінші бағыты шеңберінде білім алушыға стипендия аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан төленеді.
6. Мемлекеттік стипендия бірінші академиялық кезеңге мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша бірінші курсқа (оқудың бірінші жылына) қабылданған барлық студенттерге, магистранттарға тағайындалады және 1 қыркүйектен бастап бірінші академиялық кезең мен каникул аяқталғанға дейін қоса алғанда ай сайын төленеді.
7. Келесі академиялық кезеңдерде мемлекеттік стипендия студенттерге, магистранттарға тағайындалады және осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес алдыңғы академиялық кезең үшін аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша төленеді.
8. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын көзі көрмейтін және құлағы естімейтін мүгедектерге, жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балаларға мемлекеттік стипендия жоғарылауды ескере отырып, емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық берешегі болмаған кезде төленеді.
9. Мемлекеттік стипендияға ұсынылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға жазғы каникул кезеңінде мемлекеттік стипендия екі айға (шілде, тамыз) жиынтық түрде төленеді.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Офис регистратор басқармасы	Стандартты операциялық рәсімдер	Редакция: 1 5 беттің 2 беті


10. Аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) академиялық күнтізбеде белгіленген мерзімде дәлелді себептермен (ауруы, отбасылық жағдайлары, дүлей апаттар, академиялық немесе кредиттік ұтқырлық бойынша оқыту) тапсырмаған студенттерге, интерндерге, магистранттарға білім алушы растайтын құжаттарды ұсынғаннан кейін білім беру ұйымының басшылығы аралық аттестаттауды (емтихан сессиясын) тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді. Білім алушылардың осы санатына тапсырылған аралық аттестаттаудың (емтихан сессиясының) нәтижелері бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен мемлекеттік стипендия тағайындалады.
11. Кәсіптік практика, жазғы каникул кезеңінде, сондай-ақ студенттерге, интерндерге, магистранттарға жалақы төлене отырып, жұмыс орындары мен лауазымдардағы жұмыс кезеңінде мемлекеттік стипендия осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен төленеді.
12. Бір оқу орнынан екіншісіне ауыстырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия оқу жоспарларындағы айырма жойылғаннан кейін алдыңғы семестрдің қорытындылары бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.
13. Докторанттарға, резидент дәрігерлерге және дайындық бөлімдерінің тыңдаушыларына мемлекеттік стипендия оқудың барлық мерзіміне тағайындалады және оқудың барлық кезеңі ішінде аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелеріне қарамастан төленеді.
14. Медициналық қорытынды (дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы) негізінде берілген академиялық демалыстарды қоспағанда, студенттер, интерндер, магистранттар, резидент-дәрігерлер, докторанттар академиялық демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия төленбейді.
15. Академиялық демалыстан оралған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендияны тағайындау және төлеу оқу жоспарларындағы академиялық айырмашылық жойылғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
16. Егер модульдің ұзақтығы бір жыл болса, онда стипендия модульге кіретін тиісті семестрдің пәндерін қорытынды бағалау нәтижелері бойынша төленеді. Егер оған кіретін пәндермен модуль бір семестр ішінде аяқталған жағдайда, онда стипендия модуль үшін қорытынды баға бойынша төленеді (ОЖЖ-да модуль «*» белгіленген).
17. Науқастануы бойынша қайта оқу жылына қалдырылған студенттерге, интерндерге, магистранттарға мемлекеттік стипендия оқу жоспары орындалған алдыңғы семестрдің қорытындылары бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен тағайындалады және төленеді.
18. Туберкулезбен ауыратын студенттерге, интерндерге, магистранттарға, резидент дәрігерлерге, докторанттарға тиісті медициналық қорытынды болған кезде мемлекеттік стипендия еңбекке жарамсыздық кезеңіне тағайындалады және төленеді, бірақ алдыңғы семестрдің қорытындыларына қарамастан еңбекке жарамсыздық басталған күннен бастап он айдан аспайды.
19. Студенттерге, интерндерге, магистранттарға, резидент-дәрігерлерге, докторанттарға жүктілігі және босануы бойынша демалыс кезеңінде мемлекеттік стипендия Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген бүкіл мерзім ішінде жүктілігі және босануы бойынша демалысқа кеткенге дейін белгіленген мөлшерде төленеді.
20. Академиялық демалыс кезеңінде жүктілікке және босануға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама ұсынылған кезде академиялық демалыс үзіледі және жүктілікке және босануға байланысты демалыс ресімделеді.
21. Студенттер, интерндер, магистранттар, докторанттар, дәрігер-резиденттер бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыста болған кезеңде мемлекеттік стипендия тағайындалмайды.
22. Стипендияларды тағайындау білім алушылардың үлгерімін бақылау жүктелген бөлімше басшысының қызметтік жазбасы (ұсынысы) негізінде білім беру ұйымы басшысының немесе оны алмастыратын адамның бұйрығымен жүргізіледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Офис регистратор басқармасы	Стандартты операциялық рәсімдер	Редакция: 1
			5 беттің 3 беті

23. Жеке тұлғаларға стипендияларды төлеу осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ақша алушының таңдауы бойынша банкте ашылған ағымдағы шотқа олардың сомасын аудару арқылы жүзеге асырылады.
24. Стипендияларды төлеу төлем карточкасын дайындау немесе екінші деңгейдегі банктерде ағымдағы шот ашу кезеңінде, сондай-ақ ұйымның орналасқан жері бойынша екінші деңгейдегі банк, олардың төлем карточкаларына қызмет көрсететін пункттері мен құрылғылары болмаған кезде ұйымның кассасы арқылы жүзеге асырылады.
25. Көзі көрмейтін мүгедектер мен құлағы естімейтін мүгедектер, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қорғаншылықтағы (қамқоршылықтағы) балалар, сондай-ақ аралық аттестаттау (емтихан сессиясы) нәтижелері бойынша тек "өте жақсы" деген бағалары бар студенттер мен магистранттардың ("Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымында оқитын магистранттарды қоспағанда) жоғары мемлекеттік стипендия алуға құқығы бар.
26. Мемлекеттік стипендияны жоғарылату мөлшері осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес белгіленеді.

№ р/н	Стипендиаттар тізімі	Мемлекеттік стипендияның белгіленген мөлшеріне пайызбен арттыру мөлшері, %
1	2	2
1	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын көру қабілеті бойынша мүгедектерге және есту кемістігі бар мүгедектерге	75
2	"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес теңестірілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға және интерндерге	50
3	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және азаматтардың қорғаншылығындағы (қамқоршылығындағы) балалар қатарындағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға және интерндерге	30
4	Емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тек "үздік" бағалары бар, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқитын студенттерге, магистранттарға (мемлекеттік атаулы стипендиялар мен Қазақстан Республикасы Президентінің стипендияларын алатын студенттерден басқа)	15

27. Медициналық қорытынды негізінде академиялық демалыста жүрген студенттерге, интерндерге, магистранттарға, докторанттарға, резидент дәрігерлерге академиялық демалыс уақытына докторанттардың, резидент дәрігерлердің, студенттердің, интерндердің, магистранттардың мемлекеттік стипендиясы мөлшеріне сәйкес мемлекеттік стипендия 50 (елу) пайыз (мүгедектерге-75 (жетпіс бес) пайыз) мөлшерінде белгіленеді.
28. Мемлекеттік стипендияларды төлеу тоқтатылады:
- 1) білім алушы оқудан шығару (шығару) себептеріне қарамастан білім беру ұйымынан шығарылған (шығарылған) жағдайда;
 - 2) білім алушы қайтыс болған жағдайда;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Офис регистратор басқармасы	Стандартты операциялық рәсімдер	Редакция: 1

3) оқуды аяқтағаннан кейін бітіру туралы бұйрық шыққан күннен бастап.

29. Осы Қағидалардың 22-тармағында айқындалған жағдайлар бойынша мемлекеттік стипендияларды төлеуді тоқтату білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрығын шығару арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты: СОР стипендия тағайындау тәртібін анықтайды

Процедура:

№	Немі	Кім	Қашан	Кімге	Код	Құжат
1.	Жиынтық есеп	ОРБ инспекторі	Сессия аяқталғаннан кейін	Мектеп декандары/факультеттер		Жиынтық есеп
1.1	Жиынтық есеп (қашықтықтан жұмыс істеу кезінде)	ОРБ инспекторі	Сессия аяқталғаннан кейін (электронды түрде «Сириус» ААЖ арқылы)	Мектеп декандары/факультеттер (электронды түрде «Сириус» ААЖ арқылы)		Жиынтық есеп (электронды түрде «Сириус» ААЖ арқылы)
2.	Құжат айналымы жүйесі арқылы стипендияны тағайындауға ұсыну	Декан	Салыстырғаннан кейін декандар орынбасары	АЖ жөніндегі проректор		Стипендия тағайындауға ұсыну
3.	Құжат айналымы жүйесі арқылы «бұйрыққа» резолюциясымен стипендия тағайындауға ұсыну	Декан	Келесі күні	ОРБ инспекторі		Стипендия тағайындауға ұсыну
4.	Құжат айналымы жүйесі арқылы стипендия тағайындау туралы бұйрық	ОРБ инспекторі	2 апта ішінде	Келісу үшін ОРБ басшысы, заңгер, декан, АЖБД, бухгалтерия және бекітіледі АЖ жөніндегі проректор		Бұйрық
5.	Құжат айналымы жүйесі арқылы бұйрықтың көшірмесі	ОРБ инспекторі	Бұйрық шыққаннан кейін	Мектеп декандары/факультеттер Бухгалтерия, студ.кеңсе		Бұйрықтың көшірмесі

Ресурстар:

- 1) Жиынтық есеп (ОР инспекторы және мектеп/факультет деканының орынбасарының қолы қойылған);
- 2) Бұйрық шығару үшін стипендия тағайындауға ұсыну (мектеп/факультет деканының қолымен);
- 3) Стипендия тағайындау туралы бұйрық.

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Данные по ЭЦП
Тусупбекова С.К.	Согласовано	13.12.2021 10:29	ТУСУПБЕКОВА САНДУГАШ КАЙРАТКЫЗЫ
Туманбаева А.Е.	Согласовано	13.12.2021 13:35	ТУМАНБАЕВА АНАР ЕРИКОВНА



«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ
НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»

Офис регистратор басқармасы

Стандартты операциялық рәсімдер

Редакция: 1

5 беттің 5 беті

Абдрешева А.Т.	Согласовано	10.12.2021 14:50	АБДРЕШЕВА АСЕЛЬ ТУРСЫНЖАНОВНА
Кутышева А.Т.	Согласовано	13.12.2021 09:43	КУТЫШЕВА АЙЗА ТЛЕУБАЕВНА
Шопаева Г.А.	Согласовано	10.12.2021 12:58	ШОПАЕВА ГУЛЬЖАН АМАНГЕЛЬДЫЕВНА
Сыдыкова С.И.	Согласовано	13.12.2021 14:01	СЫДЫКОВА САУЛЕ ИЛЬЯСОВНА
Джардемалиева Н.Ж.	Согласовано	10.12.2021 16:49	ДЖАРДЕМАЛИЕВА НУРЖАМАЛ ЖЕНЫСОВНА
Измайлова С.Х.	Согласовано	10.12.2021 14:46	ИЗМАЙЛОВА СЛУ ХАБИБИЕВНА
Баймаханов А.Н.	Согласовано	10.12.2021 14:00	БАЙМАХАНОВ АБЫЛАЙ НИЯТОВИЧ
Сакипова З.Б.	Согласовано	13.12.2021 09:54	САКИПОВА ЗУРИЯДДА БЕКТЕМИРОВНА
Хасенова А.Ж.	Согласовано	10.12.2021 21:59	ХАСЕНОВА АСЕЛЬ ЖАНАБЕКОВНА
Дильбарханов Б.П.	Согласовано	10.12.2021 13:09	ДИЛЬБАРХАНОВ БАСЫМБЕК ПЕРДЕБЕКОВИЧ
Иванченко Н.Н.	Согласовано	10.12.2021 15:28	ИВАНЧЕНКО НЕЛЛЯ НИКОЛАЕВНА
Набиева Г.С.	Согласовано	10.12.2021 12:40	НАБИЕВА ГУЛНАЗ СОЦИАЛЕВНА
Байльдинова К.Ж.	Подписано	13.12.2021 14:53	ҰЛТТЫҚ КУӨЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST), БАЙЛЬДИНОВА КЛАРА, НЕКОММЕРЧЕСКОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С. Д. АСФЕНДИЯРОВА"